




Пайыздар: Салық жеңілдіктері

АТЫ-ЖӨНІ:

СЫНЫБЫ:

КҮНІ:



Негізгі деңгей

1) Өлемдегі түрлі елдерде табыс салығы қалай жиналатынын зерттеңіз.

2) Прогрессивті салық салу жүйесі дегеніміз не?

3) Кевин – дүкен менеджері, оның жылдық еңбекақысы £28 064 құрайды. Оның жалпы айлық табысын есептеңіз.

4) Сара аптасына (52 апта бойы жұмыс істейді) £235 жалақы алады, ал Адель айына £1020 алады. Кімнің жылдық жалақысы көбірек және қаншаға көп?

5) Анна – бастауыш мектеп мұғалімі, жалақысы £24 500 құрайды. Оның 8%-ын Анна зейнетақы қорына төлейді. Оның қорға жыл сайын қанша ақша төлейтінін есептеңіз.




Пайыздар: Салық жеңілдіктері

АТЫ-ЖӨНІ:

СЫНЫБЫ:

КҮНІ:



Орташа деңгей

1) Прогрессивті салық салу жүйесі дегеніміз не?

2) Роберт аптасына 40 сағат жұмыс істеп, сағатына £12,68 алады. Оған бір жылда 52 апта үшін ақша төленеді. Оның салық жеңілдіктері £4630-ты құрайды. Салық тек бүтін фунттарға ғана төленеді. Қазіргі салық мөлшерлемесі:

Табыстың алғашқы £1880-на	£-тың ішінде 10 пенс
Табыстың келесі £26 880-на	£-тың ішінде 22 пенс
Табыстың қалғанына	£-тың ішінде 40 пенс

Жоғарыдағы мәліметті пайдалана отырып, Роберттің жылдық жалпы еңбекақысын, жыл сайын төлейтін салық мөлшерін және оның апталық таза жалақысын есептеңіз.

3) Сэм – бақташы. Ол аптасына 35 сағат жұмыс істеп, сағатына £7,75 алады. Оған бір жылда 52 апта үшін ақша төленеді. Оның зейнетақы қорына апта сайын әр £91-тан жоғары табысының 11%-ы түсіп отырады. Сэмде £4745 жеке салық жеңілдігі бар. Төмендегі мәліметті пайдалана отырып, оның апталық таза жалақысын есептеңіз.

Бастапқы мөлшерлеме: £0 – £2020	10%
Негізгі мөлшерлеме: £2021 – £31 400	22%
Жоғарғы мөлшерлеме: £31 400-тан жоғары	40%




Пайыздар: Салық жеңілдіктері

АТЫ-ЖӨНІ:

СЫНЫБЫ:

КҮНІ:



Тереңдетілген деңгей

1) Майкл – инженер. Ол £21 750 жалақы алады. Оның 8%-ын Майкл зейнетақы қорына төлейді. Оның ай сайынғы зейнетақы қорына ұсталатыны £395-тан жоғары табысының 9,4%-ын құрайды. Оның £4745 жеке салықтық жеңілдігі және £160 кәсіби үстемақысы бар. Төмендегі мәліметті пайдалана отырып, оның айлық таза жалақысын есептеңіз.

Бастапқы мөлшерлеме: £0 – £2020	10%
Негізгі мөлшерлеме: £2021 – £31 400	22%
Жоғарғы мөлшерлеме: £31 400-тан жоғары	40%

2) Андреа сатылым бойынша менеджер қызметін атқарады және ол £18 500 негізгі жалақы және әрбір £10 000-тан асқан сатылымнан 8% сыйақы алады.

Табыстың алғашқы £1880-на	£-тың ішінде 10 пенс
Табыстың келесі £26 880-на	£-тың ішінде 22 пенс
Табыстың қалғанына	£-тың ішінде 40 пенс

а) Андреа £23 000-қа тауар сатты деп алып, оның жылдық табысын есептеңіз.

б) Андреаның £5000 салықтық жеңілдігі бар. Жоғарыдағы мәліметті пайдалана отырып, оның жалпы төлеген салық сомасын есептеңіз.



Пайыздар: Салық жеңілдіктері

Тереңдетілген деңгей

3) Ангус – орта мектеп мұғалімі. Өткен жылда оның жалақысы £36 600 болған. Оның 6%-ы зейнетақы қорына салынған; ал салықтық жеңілдігі £5300-ты құраған.

Табыстың алғашқы £1880-на	10%
Табыстың келесі £26 880-на	22%
Табыстың қалғанына	40%

a) Ангустың салық төленген табысын есептеңіз.

b) Жоғарыдағы мәліметті пайдалана отырып, өткен жылда Ангус қанша салық төлегенін есептеңіз.



Пайыздар: Салық жеңілдіктері

Жауаптар

Негізгі деңгей

2) Неғұрлым көп жалақы алсаңыз, соғұрлым көп салық төлеуіңіз қажет болатын жүйе.

3) £2338,67

4) Адельдің жалақысы көбірек, £20-қа көп.

5) £1960

Орташа деңгей

1) Неғұрлым көп жалақы алсаңыз, соғұрлым көп салық төлеуіңіз қажет болатын жүйе.

2) Жылдық жалпы еңбекақысы – £26 374,40; жыл сайын төлейтін салық мөлшері – £4558,17; апталық таза жалақысы – £419,54.

3) £216,48

Тереңдетілген деңгей

1) £1277,53

2) a) £19 540

b) £2973,20

3) a) £29 104

b) £6239,20